

Тимирязев ауданында 2012 жылы азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруын қамтамасыз ету және ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 19 наурыздағы N 72 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 2 сәуірде N 13-12-147 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 24 маусымдағы N 151 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 24.06.2013 N 151 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 27-бабы 3-тармағымен, 28-бабы 1-тармағымен, 31-бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының ер жынысты азаматтарын, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімінен өтпеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне шақыруын қамтамасыз етілсін және ұйымдастырылсын.

2. Қосымша берілген 2012 жылы мерзімді әскери қызметіне азаматтарды шақыру өткізу кестесі бекітілсін.

3. «Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне:

«Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі шаралар» 122-005-000 бюджеттік бағдарлама паспортымен қарастырылған, шараларды жүзеге асыру үшін қаржыландыру жоспары орындалуын қамтамасыз етілсін; шақыруды өткізу уақытына шақырушыларға құжаттарды рәсімдеу бойынша техникалық жұмыстарды орындау үшін екі адам санында техникалық қызметкерлермен жеке еңбек шарттар жасалсын.

4. Ауылдық (селолық) округ әкімдеріне шақыру комиссиясына ауылдық (селолық) округтерінде тұратын шақырылушыларды тұратын мекенжайынан

Тимирязев селосындағы шақыру пунктіне дейін және кері тұратын мекен-жайына дейін бірге жүруші тұлғамен қамтамасыз ету.

5. «Тимирязев ауданында 2011 жылы азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруын қамтамасыз ету және ұйымдастыру туралы» (нормативтік-құқықтық актілерде № 13-12-123 мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2011 жылғы 9 сәуірдегі № 17 «Көтерілген тың», 2011 жылғы 9 сәуірдегі № 17 «Нива» аудандық газеттерінде жарияланды) 2011 жылғы 24 наурыздағы № 63 аудан әкімдігі қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Е. Мәкеноваға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 сәуірінен пайда болған құқықтық қатынастарға таратылады.

Т и м и р я з е в

ауданының әкімі

Қ. Қасенов

«КЕЛІСІЛДІ»:

«Солтүстік Қазақстан облысы
Тимирязев ауданының қорғаныс
істері жөніндегі бөлім»

мемлекеттік мекемесінің бастығы А.Н. Константинов

2012 жылғы 19 наурыздағы № 72
Тимирязев ауданы әкімдігі қаулысымен
бекітілді

2012 жылы мерзімді әскери қызметіне азаматтарды шақыру өткізу КЕСТЕСІ

р/ с №	Селолық округінің атауы (ауылдық)	1 0 сәу ір	1 1 сәу ір	1 2 сәу ір	1 3 сәу ір	2 қ а зан	3 қа зан	4 қ а зан	5 қ а зан
1	Ақжан	-	1	1	1	2	1	-	-
2	Ақсуат	3	3	2	-	9	4	-	-
3	Белоградовский	1	5	4	-	4	3	1	-
4	Дмитриевский	3	3	2	2	4	5	-	-
5	Дзержинский	1	-	-	-	-	-	5	-
6	Докучаевский	5	2	2	2	10	-	-	7
7	Есіл	2	2	4	-	1	2	1	-
8	Интернациональный	-	-	2	1	3	-	-	-
9	Комсомольский	1	5	7	-	-	-	12	-
10	Ленинский	1	2	-	1	-	-	2	-

11	Москворецкий	5	2	2	2	-	-	-	8
12	Мичуринский	10	2	3	-	2	3	4	-
13	Құртай	2	4	1	2	-	17	-	-
14	Тимирязев	10	10	9	2	10	10	10	-
15	Хмельницкий	-	3	2	2	-	-	5	-
16	Целинный	1	1	4	-	-	-	5	-

Ескерту: медициналық тексерістен қайтарылған азаматтар бойынша шақыру комиссия отырысы аптасына бір рет сәрсенбі күні өткізіледі, көктемгі шақыру 30 маусымға дейін, күзгі шақыру 30 желтоқсанға дейін